

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де
денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын
оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы (ОӘҚ)

ОӘҚ отырысының хаттамасы №2

2025 жылғы 22 қыркүйек, Ақтөбе қ.

Төраға: Ермуханова Л.С.

Төрағаның орынбасары: Мусаханова А.К.

Хатшы: Болатова Ж.Е.

Қатысқандар: комитет төрағалары, РОӘК ОӘҚ құрамындағы университеттердің өкілдері – барлығы 13 адам.

Қатыспағандар: 3 адам.

Күн тәртібі

1. «Қоғамдық денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘҚ функцияларын М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне беру және басшылық құрамындағы өзгерістер
Бірінші мәселе бойынша РОӘК ОБЖ төраға орынбасары Имашева Бағдат Сакеновна тыңдалды. Ол ОӘҚ функцияларын «М. Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ беру және басшылық құрамына енгізілген өзгерістер туралы баяндады: ОӘҚ төрағасы – Ермуханова Людмила Сергеевна (М. Оспанов атындағы БҚМУ),
ОӘҚ төраға орынбасары – Мусаханова Акмарал Калмаханбетқызы («Астана медицина университеті» КеАҚ),
ОӘҚ хатшысы – Болатова Жанерке Ерланқызы («Қарағанды медицина университеті» КеАҚ).
2. **3-курс соңында білім алушылардың тәуелсіз бағалауына арналған «МПП» білім беру бағдарламасы бойынша базалық құзыреттер мен оқу нәтижелерін анықтау**
Бұл мәселе бойынша «Медико-профилактикалық іс» мамандығы бойынша комитет төрайымы Даулеткалиева Ж.А. баяндама жасады. Ол базалық құзыреттер мен оқу нәтижелері анықталып, мүдделі жоғары оқу орындарымен келісілгенін хабарлады.
3. **«МПП» бағдарламасы бойынша базалық пәндерді меңгеруді аяқтаған соң студенттерді бағалау үшін базалық құзыреттер мен оқу нәтижелеріне негізделген тест спецификацияларын әзірлеу**
Бұл мәселе бойынша да комитет төрайымы Даулеткалиева Ж.А. баяндады. Барлық мүдделі университеттермен келісілген тест спецификациялары әзірленгені атап өтілді.
4. **Магистратураға кешенді тестілеуге арналған «Экономикалық теория негіздері» пәні бойынша тест спецификациясын қайта қарау**

Бұл мәселе бойынша ОӘҚ төрайымы Ермуханова Л.С. баяндама жасады. Ол «Экономикалық теория негіздері» пәні бойынша тест спецификациясын қайта қарап, тест тапсырмаларының арақатынасын нақтылау, соңғы бес жылдағы әдебиеттер тізімін жаңарту (денсаулық сақтау экономикасына басымдық бере отырып), материалдарды екі тілде әзірлеп, айдың 25-іне дейін ОӘҚ отырысына бекітуге ұсыну қажеттігін айтты.

Дауыс беру: Бір ауыздан.

Шешім қабылданды:

1. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес ОӘҚ басшылық құрамының жаңа құрамын бекіту.
2. 3-курс соңында тәуелсіз бағалау үшін анықталған және барлық мүдделі университеттермен келісілген «МПП» бағдарламасы бойынша базалық құзыреттер мен оқу нәтижелерін бекіту.
3. Барлық мүдделі университеттермен келісілген, базалық құзыреттер мен оқу нәтижелеріне негізделген тест спецификацияларын бекіту.
4. Магистратураға кешенді тестілеу үшін «Экономикалық теория негіздері» пәні бойынша тест спецификациясын қайта қарап, тест тапсырмаларының арақатынасын нақтылау, әдебиеттерді жаңарту (соңғы бес жыл ішіндегі), материалдарды екі тілде дайындап, ағымдағы айдың 25-іне дейін бекітуге ұсыну.

Төраға

Ермуханова Л.С.

Хатшы

Болатова Ж.Е.